**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының жанындағы "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің жаңа құрамы туралы**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2006 жылғы 1 сәуірдегі N 1 Өкімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы N 1277 "2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырып, қорытындылау және келесі 2007-2009 жылдарға арналған салалық бағдарламалар түзіп, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуді іске асыру және мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмысын үйлестіріп отыру мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының жанынан "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі қоғамдық кеңес мынадай жаңа құрамда құрылсын:

**Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы** - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары - Президенттің Баспасөз хатшысы, кеңес төрағасы

**Кәлетаев Дархан Аманұлы** - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-саяси бөлімінің меңгерушісі, төрағаның орынбасары

**Асқаров Әлібек Асылбайұлы** - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Әлеуметтік-саяси бөлімінің бас инспекторы, хатшы

**қоғамдық кеңестің мүшелері:**

**Абдрахманов Сауытбек** - "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" АҚ президенті, филология ғылымдарының кандидаты, "Көркем әдебиет" секциясының жетекшісі

**Аяған Бүркітбай Гелманұлы** - "Қазақ энциклопедиясы" АҚ президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор, "Энциклопедиялық және анықтамалық әдебиет" секциясының жетекшісі

**Әбусейітова Меруерт Қуатқызы** - Шығыстану институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, "Шығыстану" секциясының жетекшісі

**Әжіғали Серік Ескендірұлы** - Тарих және этнология институты Этнография және антропология бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, "Антропология және этнография" секциясының жетекшісі

**Әйтімова Бірғаным Сарықызы** - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

**Әлімбай Нұрсан** - Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты

**Әуезов Мұрат Мұхтарұлы** - Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының бас директоры, филология ғылымдарының кандидаты, "Мәдениеттану" секциясының жетекшісі

**Байпақов Карл Молдахметұлы** - А.Марғұлан атындағы Археология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, "Археология, тарихи-мәдени ескерткіштер" секциясының жетекшісі

**Базылхан Нәпіл** - Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

**Биекенов Кеңес Үмбетжанұлы** - Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі, социология ғылымдарының докторы, профессор, "Социология" секциясының жетекшісі

**Доскен Ғалым Төлембекұлы** - "Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы" АҚ басқарма төрағасы

**Ертісбаев Ермұхамет Қабиденұлы** - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі

**Кенжеғозин Марат Балғожаұлы** - Экономика институтының директоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, "Экономика" секциясының жетекшісі

**Қасқабасов Сейіт Асқарұлы** - Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының

докторы, "Фольклористика, әдебиеттану және өнертану" секциясының жетекшісі

**Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы** - тарих ғылымдарының докторы, профессор, "Тарих ғылымы" секциясының жетекшісі

**Нысанбаев Әбдімәлік Нысанбайұлы** - Философия және саясаттану институтының директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор, "Философия" және "Психология" секцияларының жетекшісі

**Өмірбеков Байтұрсын Есжанұлы** - Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің директоры, профессор, "Бейнелеу өнері" секциясының жетекшісі

**Салғара Қойшығара** - Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

**Сариева Рысты Халесқызы** - Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитеті төрағасының орынбасары, "Мұрағат және кітапхана ісі" секциясының жетекшісі

**Сейдімбек Ақселеу Сланұлы** - Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

**Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлы** - Сенат депутаты, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі комитетінің төрағасы

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** - Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Тұяқбаева Баян Тұматайқызы** - "Тарихи-мәдени мұра" ғылыми-өндірістік орталығының директоры, өнертану ғылымының кандидаты

**Хұсайынов Көбей Шахметұлы** - Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, "Тіл білімі" секциясының жетекшісі

2. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының жанынан 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі қоғамдық кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1 өкімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдық және ақпараттық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне міндеттелсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-саяси бөліміне жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК